



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

"Менеджмент және маркетинг" кафедрасы

"Мемлекеттік және жергілікті басқару", "Менеджмент" және "Маркетинг" мамандықтары бойынша XI Республикалық студенттік пәндік олимпиада

"ЖАСТАР ЖЫЛЫНА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР!» тақырыбына өткізілетіні туралы хабарлайды

Назар аударыңыз!

XI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы өткізу форматы өзгерді.

Ақпараттық хат мазмұнымен мұқият танысуыңызды өтінеміз!

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында өтетін XI Республикалық студенттік пәндік олимпиадада (ары қарай Олимпиада) "Мемлекеттік және жергілікті басқару", "Менеджмент", "Маркетинг" мамандықтары бойынша күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс бакалавриат студенттері қатысады. Қатысушы студенттердің мәлімделген мамандығына сәйкестігі міндетті шарт болып табылады. Олай болмаған жағдайда, конкурстық комиссия сәйкессіздік анықтаған болатын болса, мұндай өтінімдер қабылданбайды. Конкурстық өтінім 1-ҚОСЫМШАҒА сәйкес рәсімделеді. Университет 2 (екі) командадан артық емес (орыс және қазақ тілдерінде) және олардың әрқайсысы олимпиаданың барлық турларына қатысу үшін 3 (үш) адамнан тұратын команда ұсынады.

Олимпиада келесі 2 кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең – алдын ала сырттай, келесілерден:

- талаптарға сәйкес және қатаң түрде мамандық бойынша тапсырманы орындау (2-ҚОСЫМШАНЫ қараңыз);

- тапсырмаларды электронды адреске жіберу: olimpiada.kaznu@gmail.com

Командаға конкурстық өтінімді қабылдаудан және тиісінше олимпиадаға қатысудан бас тартылуы мүмкін, егер:

- конкурстық өтінімді уақтылы ұсынбау;
- өтінімнің олимпиада талаптарына сәйкес келмеуі;
- қажетті құжаттарды толық немесе дұрыс ұсынбау;
- қатысушылардың мәлімделген мамандыққа сәйкес келмеуі.

Бірінші турдың нәтижелері бойынша іріктеудің тиісті критерийлері бойынша ең көп балл жинаған әр мамандық бойынша командалар іріктеледі (2-ҚОСЫМШАНЫ қараңыз) және екінші кезеңге шақырылады.

2) екінші түр – финалдық, ол эл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында келесі кезендердің бекітілген тапсырмалары бойынша командалардың күндізгі байқауы түрінде өткізіледі.

- Командалардың сәлемдесуі

1 кезең – пәндік тестілеу (максималды 40 балл);

Добавлено примечание ([RbD1]): ? ашық

2 кезең – кейс-стаиды талдау (максималды 40 балл).

3 кезең – креативті экспресс байқау (максималды 20 балл).

Финалдық турдың қорытындысын шығару кезінде қазылар алқасы екінші турдың әрбір кезеңінде команда алған барлық ұпайларды ескереді және жинақтайды.

Балл сомасы басқа командалар арасында ең жоғары болып табылатын университет командасы жеңімпаз болып танылады.

Бірінші, екінші және үшінші орын алған жеңімпаздар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректорының қолы қойылған және елтаңбалы мөрімен куәландырылған дипломдармен марапатталады:

- I орын үшін – I дәрежелі диплом (1 командадан артық емес);
- II орын үшін – II дәрежелі диплом (2 командадан артық емес);
- III орын үшін – III дәрежелі диплом (3 командадан артық емес).

Дипломдар олимпиада аяқталғаннан кейін тапсырылады.

Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың барлық қатысушылары қатысу сертификаттарын алады.

Олимпиада бойынша негізгі іс-шаралардың делайны

	Мерзімі	Іс-шара	Жауапты тұлғалар
1	05.03.2019 ж., сағат 24: 00-ге дейін	Қатысу үшін ұжымдық өтінім беру және жобаны университеттерден электрондық пошта арқылы ұсыну	Бағыттаушы университеттер
2	15.03.2019 ж., сағат 24: 00-ге дейін	Олимпиаданың екінші турына өткен командалар тізімін жариялау, шақыруларды тарату.	Ұйымдастыру комитетінің координаторы
3	29.03.2019 ж. 9:00-16:00	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткізілетін Республикалық олимпиаданың екінші туры.	Ұйымдастыру комитеті
	9:00-10:00	Оның ішінде: - Қатысушыларды тіркеу	Ұйымдастыру комитеті
	10:00-13:00	- Олимпиаданың екінші туры өткізу	Ұйымдастыру комитеті
	13:00 - 14:30	- Үзіліс. Кофе-брейк.	Ұйымдастыру комитеті
	14:30-16:00	- Екінші тур бойынша нәтижелерді жариялау және Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау.	Ұйымдастыру комитеті

Олимпиадаға қатысу (жол жүру шығыны, тәуліктік тұру) жіберуші тараптың есебінен қаржыландырылады. Барлық ұйымдастыру шығындарын (тапсырмаларды, дипломдарды, сертификаттарды дайындау, қағаз, кеңсе заттарын сатып алу және т.б.) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қаржыландырады. Конкурса қатысушыларды тіркеу үшін өзімен бірге жеке куәлігі болуы керек.

Өтінім мен тапсырма **2019 жылғы 05 наурыздан кешіктірілмей, сағат 24:00-ге дейін** мына электрондық мекен-жайға жіберіледі: olimpiada.kaznu@gmail.com

Барлық мамандықтар бойынша жауапты координатор:
Рысбаева Бақытгүл Бақытқызы +7 702-102 02 07

050040, Алматы қ, әл-Фараби д. 71, БОҒ ЗБ, Экономика және бизнес жоғары мектебі, «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы, тел. 8-727-221-12-48. Олимпиада туралы ақпаратты www.kaznu.kz сайттынан алуға болады.

ҚОСЫМША 1

«МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ», «МЕНЕДЖМЕНТ» ЖӘНЕ
«МАРКЕТИНГ» МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ХІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК
ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

Өтінім

1. ҚАТЫСУШЫНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ: _____

2. ОҚУ ОРНЫ: _____
(оқу орнының атауы, курс)

3. МАМАНДЫҚ: _____
(студенттік билет көшірмесін қосымша ретінде тіркеу)

4. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ: _____

5. E-MAIL _____

6. ТОП АТАУЫ: _____

7. I ТУР ТАПСЫРМАСЫНЫҢ АТАУЫ:

8. ТОП ЖЕТЕКШІСІ: Аты-жөні, ғылыми дәрежесі _____
(қолы)

ҚОСЫМША 2

«МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ», «МЕНЕДЖМЕНТ» ЖӘНЕ «МАРКЕТИНГ» МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ХІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДАДА САЙЫСТЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ОНЫ БЕЗЕНДІРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Добавлено примечание ([RbD2]): ...

I. Бірінші тур төмендегі тақырыптар бойынша тиісті мамандықтардың қатысушыларының жобаларын қазылар алқасының қарастыруы негізінде өткізіледі:

1.«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша – «ҚР мемлекеттік және жергілікті басқаруы - жаңа уақыт жағдайында»;

2.«Менеджмент» – мамандығы бойынша «Қазақстандық тәжірибедегі заманауи басқару технологиялары»;

3.«Маркетинг» мамандығы бойынша – «Цифрландыру жағдайында қазақстандық тауарларды жылжытудың маркетингтік технологиялары».

II. Үй тапсырмасын безендірудің талаптары:

Компьютерлік мәтіннің параметрлері: шрифт Times New Roman, өлшемі – 14 пт, абзац шегінісі – 1 см, беттің ені бойынша туралау – 2 см, абзацтың алдындағы және одан кейінгі интервалдар – 0 пт, тасымалды автоматты түрде орналастыру, 1,0 жоларалық интервал, мәтін көлемі 20 бетке дейін.

Титул парағында көрсетіледі:

- университеттің толық атауы
- авторлардың тегі, аты, мамандығы, курсы
- үй тапсырмасының атауы
- ғылыми жетекшінің аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі (бар болса)

II. Үй тапсырмасын бағалау критерийлері:

1. Бірегей және инновациялық идеяның болуы
2. Жобаның ғылыми жаңалығы
3. Жобаның практикалық маңыздылығы
4. Түпнұсқалыққа мәтінді тексеру (мәтіннің түпнұсқалығы 85% кем емес).

➤ Конкурстық комиссия жоғарыда көрсетілген талаптарды басшылыққа алатын болады. Бірінші турға командаларға балл берілмейді, себебі оның қорытындысы бойынша II турға іріктеу жүргізіледі.

➤ Екінші ашық турдың 1-3 кезеңдерінде орындалған жұмыстардың сапасын бағалау тапсырмалары мен критерийлері байқау өткізу кезінде команда қатысушыларына жарияланады.

Добавлено примечание ([RbD3]): ...